

## 2007 жылғы 1 қыркүйектегі сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы

### Сақтандыру сыйлықақылары


2007 жылдың сегіз айында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2006 жылғы осындай кезеңдегі жиналған көлемнен 33,3%-ға көп болып, 101 472,8<sup>1</sup> млн. теңге болды.

#### Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

*млн. теңге*

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.09.2006 ж.		01.09.2007 ж.		01.09.2006 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	сомасы сумма	Үлесі %-бен доля, %	сомасы сумма	Үлесі %-бен доля, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:					
Міндетті сақтандыру	76 121,4	100,0	101 472,8	100,0	33,3
Ерікті жеке сақтандыру	10 751,2	14,1	13 617,5	13,4	26,7
Ерікті мүліктік сақтандыру	7 584,4	10,0	11 155,6	11,0	47,1
	57 785,8	75,9	76 699,7	75,6	32,7

Кестені қарағанда міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 26,7%-ға өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 47,1%-ды, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 32,7%-ды құрады.



Ескерту: міндетті сақтандыру бойынша  
ерікті мүліктің сақтандыру бойынша

ерікті жеке сақтандыру бойынша

<sup>1</sup> сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын есепке алмай көрсетіліп отыр

2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 42,0% (5 723,4 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 37,6% (5 122,7 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 6,9% (944,9 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен.

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 43,2% (4 819,3 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 28,0% (3 129,7 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 17,3% (1 936,9 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 11,3% (1 269,3 млн. теңге) болып келеді.

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша - 39,3% (30 162,7 млн. теңге); мүлікті сақтандыру (автомобильді, әуе көлігін, теміржол көлігін, су көлігін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) бойынша - 27,3% (20 978,1 млн. теңге); азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 18,7% (14 320,0 млн. теңге) болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі мынандай көрініс алды:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	<i>млн. теңге</i>				
	1.09.2006 ж.		1.09.2007 ж. на 1.09.2007г.		1.09.2006 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	76 121,4	100,0	101 472,8	100,0	33,3
Өмірді сақтандыру	2 246,7	3,0	3 206,2	3,2	42,7
Жалпы сақтандыру	73 874,7	97,0	98 266,6	96,8	33,0


**"Өмірді сақтандыру" саласы.** 2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 3 206,2 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 42,7%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2006 жылғы 1 қыркүйектегі 3,0%-ға қарсы 3,2% болды.

**"Жалпы сақтандыру" саласы.** "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2007 жылғы сегіз айда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 98 266,6 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы осындай кезеңге қарағанда 33,3% -ға көп.

**"Гмірді сақтандыру" саласы бойынша  
ті сегін сақтандыру сыйлықақыларының  
құрылымы**  
Структура поступления страховых премий  
по отрасли "страхование жизни"



**"жалпы сақтандыру" саласы бойынша ті сегін  
сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы**  
Структура поступления страховых премий по  
отрасли "общее страхование"



Ескерту: 1. өмірді сақтандыру                      аннуитетті сақтандыру

2. мүлікті сақтандыру  
басқа қаржылық шығындардан сақтандыру  
азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру  
көлік құралдары иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру  
автомобиль көлігін сақтандыру  
басқа сақтандыру сыныптары

### Қайта сақтандыру


Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 42 595,5 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 42,0%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 29,6%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 13 545,0 млн.теңге боды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 2 505,8 млн.теңге болды.

*млн. теңге*

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.09.2006 ж.		1.09.2007 ж. на 1.09.2007г.	
	сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен	сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	29 661,5	38,9	42 595,5	42,0
резидент еместерге	26 056,3	34,2	30 009,8	29,6
резиденттерге	3 605,2	4,7	12 585,7	12,4
Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған	149,2	0,2	2 505,8	2,5

**Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықтарының елдер бойынша құрамы**  
**Структура страховых премий, переданных на перестрахование по странам**



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықтарының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықтар – 93,6%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 2,0%, міндетті сақтандыру бойынша – 4,4% болды.

### Сақтандыру төлемдері

2007 жылдың сегіз айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 3,7 есе өсіп, 26 878,8<sup>2</sup> млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 14,2% (3 825,7 млн. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдері	1.09.2006 ж.		1.09.2007 ж.		млн. теңге 1.09.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	7 278,1	100,0	26 878,8	100,0	3,7 есе в 3,7 раза
Міндетті сақтандыру	3 124,9	43,0	3 519,6	13,1	12,6 %
Ерікті жеке сақтандыру	1 203,3	16,5	2 489,5	9,3	2,1 есе
Ерікті мүліктік сақтандыру	2 949,9	40,5	20 869,6	77,6	7,1 есе

2007жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

<sup>2</sup> сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін есепке алмай көрсетіліп отыр

**міндетті сақтандыруда** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша 51,9% (2 081,2 млн.теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 32,3% (1 138,2 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 7,5% (264,6 млн. теңге) болды.

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 72,8% (1 812,2 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша түскен, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 13,1% (326,9 млн. теңге) және аннуитетті сақтандыру бойынша – 8,0% (199,2 млн. теңге) төлемдер болды.

**ерікті мүлктік сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 89,0% (18 579,7 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша түскен, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 5,5% (1 156,1 млн. теңге), жүктерді сақтандыру бойынша – 3,0% (624,4 млн. теңге) болды.



Ескерту: міндетті сақтандыру бойынша  
ерікті мүлктік сақтандыру бойынша

ерікті жеке сақтандыру бойынша

2007 жылдың сегіз айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 69,1% -ы болды.

### Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 41 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 6 - өмірді сақтандыру бойынша, 10 - Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен), 14 сақтандыру брокерлері және 39 актуарийлер лицензиялы қызметін жүзеге асырды.

2007 жылы тамыз айында Агенттікпен «Cinco Group Central Asia» сақтандыру брокері» ЖШС-не сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия берілді.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.09.2006 ж.	01.09.2007 ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	39	41

резидент еместердің қатысуымен	5	10
өмірді сақтандыру бойынша	4	6
Сақтандыру брокерлерінің саны	11	14
Актуарийлер саны	33	39

Есепті күнге 33 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

**Капитал.** 2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 107 720,3 млн. теңге болды.

Қаржы көрсеткіштері	млн. теңге		
	1.09.2006 ж.	1.09.2007 ж.	1.03.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	111 208,1	179 333,4	61,3
Міндеттемелер	47 856,4	71 613,2	49,6
оның ішінде таза сақтандыру резервтері	41 115,3	62 670,8	52,4
басқа да міндеттемелер	6 741,1	8 942,4	32,7
Меншікті капитал (баланс бойынша)	63 351,7	107 720,3	70,0

**Активтер.** Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2007 жылғы 1 қыркүйекте 179 333,4 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы 1 қыркүйектегі осындай көрсеткіштен 61,3%-ға көп, оның ішінде:

Активтер	млн. теңге				
	1.09.2006ж.		1.09.2007 ж. на 1.09.2007г.		1.03.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Қолма-қол ақша	7 322,2	6,6	5 532,5	3,1	-24,4
Орналастырылған салымдар	19 521,3	17,6	49 727,1	27,7	2,5 есе
Бағалы қағаздар	55 865,8	50,2	80 922,0	45,1	44,8
«кері РЕПО» операциясы	10 549,4	9,5	14 467,3	8,2	37,1
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	8 573,4	7,7	12 626,0	7,0	47,3
Негізгі қаражат	2 313,5	2,1	3 999,8	2,2	72,9
Материалдық емес активтер	211,5	0,2	427,7	0,2	2,0 есе
Басқа дебиторлық берешек	3 145,8	2,8	4 679,9	2,6	48,8
Басқа активтер	3 705,2	3,3	6 951,1	3,9	87,6
Активтер жиынтығы	111 208,1	100,0	179 333,4	100,0	61,3

### Сақтандыру рыногының шоғырлануы


Қарастырылып отырған кезеңде сақтандыру сыйлықақылары және сақтандыру төлемдері бойынша сақтандыру рыногының шоғырлану деңгейі жоғарылағаны байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының 54,0%-ы және сақтандыру төлемдерінің 77,90%-ы келеді.

Сақтандыру рыногының жиынтық активтерінде бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 52,7% құрайды.

Жиынтық көрсеткіштерінен сақтандыру рыногының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %	01.09.06	01.09.07
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	51,5	54,0

Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	74,9	77,7
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	48,9	77,9
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	74,3	88,1
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	53,9	52,7
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	57,4	55,2

Активтерді?, меншікті капиталды? және таза сақтандыру резервтерінің динамикасы, млрд. теңге



Ескерту: активтер таза сақтандыру резервтері меншікті капитал

**Міндеттемелер.** 2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 49,6% өсе отырып 71 613,2 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрған сақтандыру резервтерінің көлемі 62 670,8 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы 1 қыркүйекте қалыптасқан резервтер көлемінен 52,4% артық. Есепті күндегі қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі 31 086,4 млн. теңге болды.

### Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.09.2006 ж.	01.09.2007 ж.
ЖІӨ, млрд. теңге	10 140 <sup>2</sup>	12 464 <sup>3</sup>
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,75 <sup>4</sup>	0,81 <sup>5</sup>

<sup>2</sup> - Статистика агенттігінің деректері бойынша

По данным Агентства по статистике

<sup>3</sup> - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2007 жылға болжам деректері.

прогнозные данные Министерства экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан на 2007 год

<sup>4</sup> - 2006 жылғы қаңтар-тамыз айларына қабылданған сақтандыру сыйақылары

---

Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,63	0,86
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,10	1,43
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	5 075	6 765

---

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

---

страховые премии, принятые за январь-август 2006 года  
<sup>5</sup> - 2007 жылғы қаңтар-тамыз айларына қабылданған сақтандыру сыйақылары  
страховые премии, принятые за январь-август 2007 года